

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯЛЫҚ СОТЫҢДА

2025 жылғы 7 ақпан

№ AIFC-C/CFI/2024/0047 іс

AOM SDF I B.V. BESLOTEN VENNOOTSCHAP

Талап қоюшы

қарсы

- (1) ТОО «ECO Product Company»
- (2) Кубиев Азамат Талгатович
- (3) Саимов Алибек Шоканович
- (4) Тулегенов Асет Аскарлович

Жауапкерлер

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Сэр Руперт Джексон

Осы сот шешімінің төрт бөлігі бар, атап айтқанда:

1-бөлім. Кіріспе

2-бөлім. Фактілер

3-бөлім. Ағымдағы сот талқылауы

4-бөлім. Шешім

1-БӨЛІМ. КІРІСПЕ

1.1 Бүгін соттың қарауында AOM SDF I B.V. BESLOTEN VENNOOTSCHAP компаниясы («AOM») берген төрелік талап бар. Жауапкерлер ретінде «ECO Product Company» («ECO») ЖШС, Кубиев Азамат Талгатович, Саимов Алибек Шоканович және Түлегенов Асет Аскарлович көрсетілген. Бұл талап төрт түрлі төрелік келісім негізінде басталған төрелік іс жүргізуден туындайды, алайда арбитр талапты тек бір Жауапкерге – ECO-ға қатысты қарастырған.

1.2 Енді тиісті заңнамалық нормаларға тоқталамын. «Астана» халықаралық қаржы орталығы халықаралық төрелік орталығының 2022 жылғы Төрелік және медиация Ережелерінің 6-бабы төмендегіні көздейді:

«6.1 Егер төрелік келісіммен екіден көп тарап байланысты болса, бір немесе бірнеше тарап бір немесе бірнеше Жауапкерлерге қатысты бір Төрелік іс қозғау туралы бір талап арыз бере алады (олар бірлесіп қатысса да қатыспаса да), және осы Ережелер мен тиісті төрелік келісімдердегі «Талап қоюшы» және «Жауапкер» ұғымдары көпше түрде түсіндірілуі тиіс.

...

«6.8 Тараптар бір төрелік іс шеңберінде бірнеше келісімнен туындайтын талаптарды қоя алады.

«6.9 Кез келген тарап барлық талаптарды бір төрелік іс аясында қарауға қарсылық білдіре алады. Мұндай қарсылық мүмкіндігінше қысқа мерзімде Төрелік сотқа жолдануы тиіс.

«6.10 Тараптың талап арызы бойынша Төрелік сот жаңа басталған төрелік істі қаралып жатқан төрелік іспен біріктіру туралы шешім қабылдай алады, егер:

(1) тараптар біріктіруге келіссе;

(2) барлық талаптар бір төрелік келісім аясында қойылса; немесе

(3) талаптар бір мәміле немесе мәмілелер тізбегінен туындаса және Тіркеуші төрелік келісімдердің үйлесімді екенін анықтаса.»

1.3 АХҚО Соты Регламентінің 26-бабы да маңызды. 26(8)-тармақ былай дейді:

«Сот оның юрисдикциясына кіретін кез келген мәселе бойынша құзыретті, соның ішінде төрелік тиімді жүргізуге жәрдемдесу функцияларын орындауға қатысты мәселелер бойынша да құзыретті.»

- 1.4 Осы кіріспе мәселелерді қарастырып, тиісті нормаларды баяндағаннан кейін, енді фактілерді қарауға көшемін.

2-БӨЛІМ. ФАКТІЛЕР

- 2.1 2021 жылғы 30 желтоқсанда АОМ мен ЕСО арасында қарыз шарты жасалды. Бұл шарт бойынша АОМ ЕСО-ға 4,1 миллиард теңге көлемінде қаражат беріп, оны құрылыс жұмыстарын жүргізуге арналған жабдық сатып алуға бағыттаған. Қарыз шартының 14.2-тармағында былай көрсетілген: «Осы Шартты орындау барысында туындауы мүмкін даулар мен келіспеушіліктер, мүмкін болған жағдайда, Тараптар арасындағы келіссөздер арқылы шешіледі. Мұндай даулар мен келіспеушіліктер талап жіберілген сәттен бастап 30 күн ішінде реттелуі тиіс. Көрсетілген мерзім ішінде реттелмеген даулар, соның ішінде Шарттың бар болуы, жарамдылығы, түсіндірілуі, орындалуы, бұзылуы немесе тоқтатылуына қатысты даулар, АХҚО Халықаралық төрелік орталығы («ХТО») арқылы, талап арыз берілген күні қолданыстағы Ережелерге сәйкес төрелік тәртібімен түпкілікті шешіледі.»
- 2.2 31 желтоқсан 2024 жылғы, 2022 жылғы 28 ақпандағы және 2022 жылғы 1 сәуірдегі келісімдер негізінде АОМ мен ЕСО Тараптар қарыз шартының талаптарына өзгерістер енгізген Қосымша келісімдер жасасты. 2022 жылғы 29 шілдеде Кубиев мырза, Саимов мырза және Түлегенов мырза АОМ-мен Кепілдік шарттарын жасасып, олар арқылы ЕСО-ның қарыз шарты бойынша міндеттемелерінің орындалуына кепілдік берді. Әрбір Кепілдік шартының 5.2-тармағында Қарыз шартының 14.2-тармағына ұқсас, бірақ толық сәйкес келмейтін төрелік ескерту қамтылған. Саимов Кепілдік шартын қол қойғанын мойындайды. Адвокаттың хабарлауынша, Кубиев мырза мен Түлегенов мырзаның аттарына рәсімделген Кепілдік шарттарына олар қол қоймаған. Мен құжаттар топтамасынан олардың қолдарына ұқсас белгілерді көремін, алайда бұл қолдардың шынайылығына қатысты пікір білдіре алмаймын.
- 2.3 2022 жылғы 21 қарашада АОМ мен ЕСО Қарыз шартына қосымша өзгерістер енгізген төртінші Қосымша келісімді жасасты. 2022 жылғы 20 желтоқсанда ЕСО АОМ-ға қарыздың негізгі сомасын, яғни 4,1 миллиард теңгені өтеді. Алайда негізгі қарыз өтелгеніне қарамастан, ЕСО АОМ-ның пікірінше, оған тиесілі сыйақыны төлемеген.
- 2.4 2022 жылғы 7 сәуірде АОМ төрелік арқылы өзіне тиесілі деп есептеген сыйақыны өндіріп алу мақсатында Төрелік талап арыз берді. Талап арызда төрт Жауапкер көрсетілген: ЕСО, Кубиев, Саимов және Түлегенов. Талап арыздың 8-бетінде АОМ арбитр ретінде Ватаевты тағайындауды сұраған, алайда кейіннен басқа арбитр — Зыков тағайындалды. Талап арыздың 9-бетінде АОМ сілтеме жасаған шарттар тізімі берілген, оның ішінде Қарыз шарты және үш Кепілдік шарты көрсетілген, олардың әрқайсысында төрелік ескерту қамтылған. Осылайша, талап арызда төрт төрелік ескертуі бар шарт анық көрсетілген. Белгіленген тәртіппен жауапкерлер талап арызға жауаптарын ұсынды. Түлегенов пен Кубиев өздеріне қатысты істі ЕСО-мен бірге қарауға қарсы болды. Жауапкерлер талап қоюға қарсы бірқатар уәждер келтірді. Саимов талап арызға жауап бермеді, алайда ол да жауап берген жағдайда Кубиев пен Түлегенов сияқты дәлелдер келтіреді деп болжауға болады. 2024 жылғы 24 сәуірдегі істі басқару жөніндегі конференцияда барлық тараптар үш кепілгерге қатысты талаптар бойынша өз ұстанымдарын ұсынатын құжаттар дайындайтыны келісілді. АОМ, Кубиев және Түлегенов өз ұстанымдарын толық дайындап ұсынды. Саимов мұны орындаған жоқ. 2024 жылғы 7 маусымда арбитр юрисдикция туралы анықтама шығарды. Ол ЕСО-ға қатысты талаптарды қарауға құзыретті екенін, алайда үш кепілгерге қатысты талаптарды қарауға құзыретсіз екенін мәлімдеді.
- 2.5 18-тармақта: «Жоғарыда айтылғандай, Талап қоюшы мен әртүрлі Жауапкерлер арасында бірнеше дербес шарттар жасалып, олардың әрқайсысында жеке төрелік келісімдер көзделген. Талап қоюшы мен Жауапкер 1 арасында Қарыз шарты жасалған. Талап қоюшы мен Жауапкер (2) арасында 1-Кепілдік шарты жасалған. Талап қоюшы мен Жауапкер (3) арасында 2-Кепілдік

шарты жасалған. Талап қоюшы мен Жауапкер (4) арасында 3-Кепілдік шарты жасалған. Осыған байланысты Жауапкерлер (2), (3) және (4) Қарыз шартының тарабы болып табылмайды, демек осы іс жүргізіліп жатқан 14.2-тармақтағы төрелік келісімнің де тарабы емес.»

2.6 27-тармақта: «Төрелік келісімнің автономдылық қағидасына сәйкес (Төрелік туралы заңның 5.7-бабы және ХТО Ережелерінің 7.2-бабы), Талап қоюшы мен Жауапкерлер арасындағы әрбір төрелік келісім дербес және Қарыз шартынан тәуелсіз болып табылады. Жоғарыда көрсетілгендей, Жауапкерлер (2), (3) және (4) Қарыз шартының тарабы емес, демек 14.2-тармақтағы төрелік келісімнің де тарабы емес. Олар өздерінің жеке Кепілдік шарттары шеңберінде жеке төрелік келісімдердің тараптары болып табылады. Сондықтан бұл талаптарды 14.2-тармақ негізіндегі төрелік аясында қарау тек олардың осы төрелік келісімге тікелей келісімі болған жағдайда немесе олар мәні бойынша қарсылық білдірмей өтініш берсе ғана мүмкін болады.»

2.7 29-тармақта: «Осы мән-жайларды ескере отырып,

a. Талапкер осы төрелік талқылауды Қарыз шартының 14.2-тармағына сәйкес бастады (Талап арыздың 22-тармағы);

b. Жауапкерлер (2), (3) және (4) Қарыз шартының тараптары болып табылмайды;

c. Жауапкерлер (2) және (4) талап арызға пікір (жауап) ұсынғанға дейін, дауды Қарыз шарты шеңберінде қарауға жалғыз төрешінің (арбитрдің) өкілеттігі жоқ екенін мәлімдеді;

d. Жауапкер (3) Қарыз шартының 14.2-тармағы аясында өзіне қатысты талаптарды қарауға келісім берген жоқ.

Жалғыз арбитр Қарыз шартының 14.2-тармағы негізінде басталған осы төрелік талқылау аясында Жауапкерлер (2), (3) және (4)-ке қатысты талаптарды қарауға өзінің құзыреті жоқ деген қорытындыға келеді.

Бұл қорытынды Талапкердің Кепілдік шарттары 1, 2 және 3 аясында, оларда көзделген төрелік келісімдер негізінде Жауапкерлер (2), (3) және (4)-ке талап қою құқығына нұқсан келтірмейді.

2.8 Айта кетейін, Халықаралық төрелік орталығының Төрағасы тағайындаған арбитр Зыков мырза Екінші, Үшінші және Төртінші Жауапкерлердің өздерінің тиісті төрелік келісімдеріне қол қойғанына күмән келтірмеген сияқты. Әрине, бұл оның қолданған тұжырымдарынан аңғарылады.

2.9 АОМ арбитражының құзырет туралы ұйғарымына наразы болды. АОМ өз наразылығын жасырған жоқ. 2024 жылғы 25 маусымдағы құжатта АОМ Халықаралық төрелік орталығына құзырет туралы ұйғарымды шағымдануға тырысып, Зыков мырза барлық төрт Жауапкерге қатысты талаптарды қарай алады деген шешімге қол жеткізуді көздеді. 2024 жылғы 23 шілдедегі электрондық хатта арбитр Талапкерге мынадай хабарлама жіберді:

«Талапкердің арбитражының құзырет туралы ұйғарымына шағымдану қатысты хабарлаймын: ХАО (МАЦ) қағидаларында құзырет туралы шешімге шағымдану мүмкіндігі, сондай-ақ арбитражының өз шешімін қайта қарау мүмкіндігі көзделмеген. Құзырет туралы ұйғарымда қолданылатын ХАО қағидаларына сүйене отырып, негізделген және жан-жақты дәлелдер келтірілген.»

2.10 АОМ бұл ұсынымды қабылдап, АХҚО Сотында құзырет туралы ұйғарымды даулаған жоқ. Шын мәнінде, Қағидаларды зерделей отырып, мен де істің осы сатысында АОМ қандай қарсылықтар келтіре алатынын көріп тұрған жоқпын.

2.11 Осыдан кейін төрелік тек ЕСО-ға қатысты жалғасты. 2024 жылғы 4 қарашада арбитр шешім шығарды. Шешім айқын болды. Мен оны толық келтірмеймін. Аргументация түсінікті. Арбитр

79-тармақта көрсетілгендей, келесі қорытындыға келді:

2.12 «Жоғарыда айтылғандарды басшылыққа ала отырып, арбитр – ...»

БҰЙРЫҚ ЕТТІ:

1. «ECO Product Company» ЖШС-тен АОМ SDF I B.V. пайдасына Қарыз шарты бойынша берешек сомасы ретінде 335 420 001,05 теңге (үш жүз отыз бес миллион төрт жүз жиырма мың бір теңге бес тиын) өндірілсін.
2. «ECO Product Company» ЖШС-тен АОМ SDF I B.V. пайдасына төрелік (арбитр) гонорары ретінде 500 000 (бес жүз мың) теңге өндірілсін.

2.13 АОМ Кепілдік шарттары бойынша үш кепілгерге қатысты арбитрдің ешқандай шешім қабылдамағанына, бұл шарттарда төрелік ескертпелер болғанына қарамастан, наразылық білдірді.

2.14 Нәтижесінде АОМ осы іс жүргізуді бастады.

3-БӨЛІМ. ОСЫ ІС ЖҮРГІЗУ

- 3.1 2024 жылғы 10 желтоқсанда АХҚО Сотына берілген талап арызбен АОМ ECO, Кубиев мырза, Саимов мырза және Тулегенов мырзаға қарсы талап қойып, арбитр юрисдикция мен құзырет мәселесінде қате жіберді және барлық төрт жауапкерге қатысты төрелік іс жүргізуді қарауы тиіс еді деп мәлімдеді. АОМ төрелік шешімді жарамсыз деп тану туралы және барлық төрт жауапкерге қатысты төрелік іс жүргізуді жалғастыру туралы талап арыз берді, бұл АОМ-ға олардың барлығына қарсы төрелік шешім алуға мүмкіндік берер еді.
- 3.2 2025 жылғы 7 қаңтарда Кубиев, Тулегенов және Саимов төрелік талапқа қарсылықтарын ұсынды. Олар 2024 жылғы 7 маусымдағы арбитрдің юрисдикция және құзырет туралы шешімі дұрыс болғанын алға тартады. Олардың пікірінше, арбитр 1-бөлімде келтірілген Төрелік және Медиация Ережелерінің 6.9-ережесіне сәйкес өз дискрециялық өкілеттігін дұрыс жүзеге асырған. Бұдан бөлек, олар талапқа қарсы өзге де бірқатар уәждер келтірді.
- 3.3 Іс бүгін, 2025 жылғы 6 ақпанда, осы Сотта қаралды. Барлық тараптар Сотқа қысқаша негізгі уәждерін ұсынды, бұл үшін оларға алғыс білдіремін. Қолтаңбалар мәселесін қоспағанда, осы істегі негізгі проблема — екінші, үшінші және төртінші жауапкерлерге қатысты талаптардың ешбір арбитрмен қаралмағаны. Тыңдау барысында мен істі қайтадан Халықаралық төрелік орталыққа жіберіп, аталған жауапкерлерге қатысты талаптарды қарайтын арбитр тағайындауды ұсындым.
- 3.4 Талапкер өкілі Ахметов мырза (АОМ) бұл ұсыныспен келісуге бейім болды, алайда бір сомма бойынша бірнеше шешім шығарылған жағдайда қиындықтар туындауы мүмкін екенін атап өтті.
- 3.5 ECO компаниясының өкілі төрелік шешімді сынға алып, АОМ қарыз қаражатын тиімді пайдалануға кедергі келтіргенін мәлімдеді және арбитр шешімін қатаң сынға алды.
- 3.6 Кубиев мырза мен Тулегеновтің өкілі, біріншіден, олар төрелік келісімдерге қол қою фактісін жоққа шығаратынын, алайда егер олар мұндай келісімдермен байланыстырылған болса, әрбір кепілгерге қатысты талапты қарау үшін үш жеке арбитр тағайындалуы тиіс екенін айтты.
- 3.7 Саимовтың өкілі Саимов мырза кепілдік шартына қол қойғанын мойындады. Алайда ол төрелік шешімнің күшін жоюға негіз жоқ екенін және кепілгерлерге қатысты талаптар бөлек түрде қойылуы мүмкін екенін мәлімдеді.

- 3.8 Өзінің жауап сөзінде Ахметов мырза, Кубиев мырза мен Түлегенов мырзаны істің осындай кеш кезеңінде қолтаңбаларын даулағаны үшін қатаң сынға алды. Ол іс материалдарындағы қолтаңбалардың әртүрлі нұсқаларына сілтеме жасап, олардың нақты Кубиев мырза мен Түлегенов мырзаға тиесілі екенін алға тартып, мұндай ұстанымды негізсіз деп атады. Бұрын айтылғандай, мен іс материалдарындағы қолтаңбалардың шынайылығын анықтап, оларды растауға немесе жоққа шығаруға құзыретті емеспін.
- 3.9 Бұдан әрі Ахметов мырза арбитрдің юрисдикция туралы шешімін қатаң сынға алып, ол толықтай қате болғанын айтты. Оның пікірінше, барлық төрт жауапкерге қатысты бірыңғай шешім шығарылуы тиіс еді, себебі кепілгерлер ЕСО компаниясы сияқты бірдей қарыз бойынша жауапты болып табылады.
- 3.10 Тараптар өкілдерінің уәждерін қорытындылай келе, енді мен өз шешімімді шығаруға тиіспін.

4-БӨЛІМ. ШЕШІМ

- 4.1 Мен қарауға тиіс бірінші мәселе – Талапкердің Құзырет туралы анықтамаға (Определение о компетенции) қатысты қарсылықтары. Талапкер арбитр Төрелік және Медиация Ережелерінің 6-бабына сәйкес өз өкілеттігін пайдаланып, барлық жауапкерлерге қатысты талаптарды қарауға тиіс еді деп мәлімдейді, өйткені төрт төрелік келісімнің барлығы да төрелік туралы талап арызда көрсетілген. Сондай-ақ ол Қарыз шарты мен Кепілдік шарттары өзара байланысты мәмілелер сериясын құрайтынын, бұл Төрелік және Медиация Ережелерінің 6.10-ережесінде көзделгенін алға тартты. Мен бұл уәждердің негізділігін түсінемін. Алайда Төрелік және Медиация Ережелеріне сәйкес арбитр әртүрлі төрелік талаптарды бірлесіп қарау-қарамау мәселесін өз қалауы бойынша шешуге құқылы болды. Ол мұндай шешімді қабылдамаған. Мен бұл шешімді құқық нормасын бұзу ретінде бағалай алмаймын.
- 4.2 Келесі кезекте мен арбитр шығарған Төрелік шешімнің өзіне қатысты қарсылықтарға көшемін. Бұл жерде ЕСО тарапынан айтылған уәждер қарастырылып отыр. Олардың өкілі бүгін сотта келтірген барлық дәлелдер арбитрдің шешімінде (55–74-тармақтар) қарастырылған болатын. Арбитр АОМ тарапынан белгілі бір кедергілер болғанына қарамастан, ЕСО қаражаттың шартты шотқа қолжетімді болғанын және ол қаражат бойынша пайыздар алғанын анықтады. Бұл тұжырым бұрын айтылған төрелік шешімнің негіздемесінің бір бөлігі болды. Мен арбитр шешім шығару барысында құқық нормасын бұзды деп есептемеймін, бұл сот арқылы оның күшін жоюға негіз бола алмайды деген қорытындыға келдім. Арбитр 2024 жылдың ортасында Құзырет туралы анықтаманы шығарып, кейін 2024 жылғы 4 қарашада өзіне берілген материалдар негізінде Төрелік шешімді шығарған. Осылайша мен Саимов мырзаның өкілінің уәждерін қабылдап, Төрелік шешімді жоюдан бас тартамын.
- 4.3 Осыған байланысты АОМ-ның екінші, үшінші және төртінші жауапкерлерге қатысты талаптары бойынша мәселе әлі де шешілмеген күйде қалып отыр. Мен бұл талаптарды қарау үшін үш бөлек төрелік іс жүргізу және үш бөлек арбитр тағайындау қажет деген уәжді қабылдамаймын. Кепілдік шарттарынан туындайтын бұл үш талап ұқсас сипатқа ие және бірдей мәселелерді қозғайды. Менің пікірімше, бұл жағдайды шешудің дұрыс тәсілі – істі Халықаралық төрелік орталыққа қайтару, онда Төраға Тіркеушімен кеңесе отырып, Зыков мырза қараудан бас тартқан екінші, үшінші және төртінші жауапкерлерге қатысты талаптарды қарау үшін жаңа арбитр тағайындай алады.
- 4.4 Мен тиісті Бұйрық шығару өкілеттігіне иемін, өйткені, бұрын айтылғандай, АХҚО Соты Регламентінің 26.8-тармағына сәйкес Сот төрелік тиімді жүргізуге ықпал ететін бұйрықтар шығара алады, және мен дәл қазір соны жүзеге асырып отырмын. Жағдайды ескере отырып, мен тиімді төрелік іс жүргізуді қамтамасыз етуге бағытталған өкім шығарамын.

- 4.5 Жаңа арбитр Кубиев мырза мен Тулегенов мырзаның қолтаңбаларының шынайылығы мәселесін, егер олар осы уәжге әрі қарай да сүйенгісі келсе, қарай алады. Бұл мәселені жаңа арбитр шешуі тиіс. Мен бұл тыңдау шеңберінде бұл мәселеге қатысты шешім шығара алмаймын, өйткені Сот құқықтық мәселелерді қарайды, ал қолтаңбаларды талдау сияқты фактілік мән-жайларды емес.
- 4.6 Егер жаңа арбитр барлық немесе кейбір кепілгерлерге қарсы төрелік шешім шығарса, Ахметов мырза көрсеткендей, бір соммаға қатысты екі түрлі төрелік шешімдердің туындау мәселесі пайда болуы мүмкін. Бұл жағдайды шешу тәсілін жаңа арбитр айқындайды. Мүмкін болатын шешімдердің бірі – кепілгерлер төлеуге тиіс сомманы анықтай отырып, оның АОМ-ның ЕСО-дан өндіріп алған бөлігінде қайталанып өндірілмейтіні туралы ескерту енгізу. Ахметов дұрыс атап өткендей, Талапкер бір сомманы екі рет өндіріп алуды көздемейді. Демек, іс жүзінде Талапкер алдымен ЕСО-дан өндіріп алады, ал егер кепілгерлерге қатысты төрелік іс оның пайдасына шешілсе, ол ЕСО-дан өндірілмеген қалған сомманы кепілгерлерден өндіріп алу шараларын бастайды.
- 4.7 Қорытындылай келе, Талапкердің талаптары негізді деп танылады, алайда мен төрелік шешімді жоюдан бас тартамын. Оның орнына мен істі Халықаралық төрелік орталыққа қайтаруды бұйырамын, онда Төраға Тіркеушімен кеңесе отырып, Талапкердің екінші, үшінші және төртінші жауапкерлерге қатысты талаптарын қарау үшін жаңа арбитр тағайындай алады.
- 4.8 Осы іс бойынша тараптардың әрқайсысы белгілі бір дәрежеде жетістікке жетті. Мен ешбір тарап сот шығындарын өтеу туралы талап қоймайды деп есептеймін, алайда егер мұндай талап арыз берілетін болса, ол дереу жасалуы тиіс.
- 4.9 [Сот шығындарын өтеу туралы өтініштер түскен жоқ.]

Сот қабылдады,

Сэр Руперт Джексон,
Судья, АХҚО Соты

Өкілдер:

Талапкердің атынан АОМ SDF I B.V. Инвестициялар жөніндегі заң кеңесшісі Мұрат Ахметов, Астана қ., Қазақстан Республикасы өкілдік етті.

Бірінші, Екінші және Төртінші Жауапкерлердің атынан адвокат Азамат Каршигин, Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы өкілдік етті.

Үшінші Жауапкердің атынан, адвокат Нұржан Рахметов, Астана қ., Қазақстан Республикасы өкілдік етті.